

*Академияның Ғылыми Кеңесінің
2025 жылғы 28 наурыздағы
шешімімен бекітілген
№12 хаттама*

**«7M04105 – Мемлекеттік саясат»
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04105 – Мемлекеттік саясат» магистратура білім беру бағдарламасы («7M041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты).

2. Оқу мерзімі: 1,5 жыл

3. Барлық кредиттер (ECTS): 90

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Бағдарлама мемлекеттік саясатты қалыптастыру, іске асыру, талдау және бағалау құзыретіне ие мемлекеттік қызметшілерді даярлауға бағытталған. Білім беру бағдарламасының траекториясы мемлекеттік саясат пен оны талдау, сондай-ақ әртүрлі саяси жағдайларда құзыретті саяси-басқарушылық шешімдер қабылдау үшін маңызды пәндерді қамтиды.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: тиімді басқару, соның ішінде күтпеген дағдарысты және төтенше жағдайлар кезінде шешімдер қабылдау үшін мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асырудың кәсіби дағдылары бар мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- мемлекеттік саясатты тиімді қалыптастыру және іске асыруға қажетті басқару үдерісін талдау, бағалау және үлгілеу дағдыларын дамыту;
- басқарушылық шешімдер қабылдау үдерісін ұйымдастыру бойынша дағдыларды қалыптастыру;
- мемлекеттік қызметшілердің жеке қасиеттерін және мемлекеттік аппаратқа қойылатын талаптарға сәйкес құзыреттерін дамыту.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- білім беру үдерісінде инновациялық, аналитикалық және басқарушылық қабілеттерін дамыту;
- шет тілінің тиісті деңгейін растайтын сертификат болған жағдайда Maxwell School of Citizenship and Public Affairs at Syracuse University (Америка Құрама Штаттары) шетелдік әріптес университетінде тағылымдамадан өту мүмкіндігі;
- жекелеген пәндерді оқытуға шетелдік және қазақстандық жетекші сарапшыларды, мемлекеттік басқару саласындағы тәжірибелі мамандарды тарту;
- әлеуметтік нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен өзара іс-қимыл, өзара оқыту (peer learning);
- мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Қызметті басқару – нақты міндеттер белгілейді және стратегиялық мақсаттарға сәйкес тапсырмалар береді, жағдай жасайды және ұжымды бөлімшенің қойылған міндеттерді сапалы және уақытылы орындауына бағыттайды, басымдықтарды белгілей отырып, бөлімшенің жұмысын тиімді ұйымдастырады.

Тиімді коммуникацияларды құру – өзінің қызметін әріптестерімен үйлестіре біледі, коммуникацияға ашық, іскерлік ынтымақтастыққа дайын, қажет болған жағдайда әріптестеріне көмектеседі.

Этикалық нормалар мен қағидаттарды ұстану – әдеп кодексіне сәйкес кез келген жағдайда этикалық мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайды, парасаттылық, адалдық, ізгі ниет, әріптестер мен мүдделі тараптарды құрметтеу қағидаттарын ұстанады.

Өзгерістерді басқару – ұйымдағы өзгерістерге оң көзқараспен қарайды, өзгерген жағдайға сәйкес өз әрекеттерінің тактикасын бейімдейді.

Нәтижеге бағдарлау – күрделі мақсаттар қояды және оларға қол жеткізеді.

Дербестік және шешім қабылдау дағдылары – мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдай алады, сондай-ақ ресурстарды есептей және жоспарлай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ете алады.

Команданы басқару – ұжымды шабыттандыра және ынталандыра алады, жеке симпатия мен антипатиядан аулақ болу, өзара әрекеттесу және ынталандыру кезінде әріптестердің даралығын анықтай білу және есепке алу.

Көшбасшылық қасиеттер – ынта мен талантты, өз сенімдеріне деген сенімділікті көрсетеді, харизматикалық қасиеті бар, қарамағындағыларды ынталандыру үшін өзінің жеке басының күшін пайдаланады, қызметкерлерді ынталандырады.

Ынтымақтастық – қызметкерлерге өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл және серіктестік орнатуға бағыт бере алады.

Жеделдік – ұжымға жаңа басымдықтарды уақытылы жеткізеді, өзгерістерге уақытылы ден қою үшін тиімді шаралар әзірлейді, бөлімшені тиімді басқарады және ішкі, сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізеді.

Өзін-өзі дамыту – қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдайды, өзін-өзі дамытуға ұмтылысты өз үлгісінде көрсетеді.

Бастамашылық – мемлекеттік органның қызметін жетілдіру үшін жобаларға бастамашылық жасайды, қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды қарастырады және әзірлейді.

8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық мазмұны:

Семестр	Пәннің атауы	БП/ ПП	ЖООК/ ТК	ECTS
1	Жазбаша коммуникациялар және көпшілік алдында сөйлеу	ПП	ЖООК	5
	Мемлекеттік саясатты зерттеу және талдау	БП	ЖООК	6
	Мемлекеттік саясат	ПП	ЖООК	3
	Мемлекеттік басқару	БП	ЖООК	2
	Тиімді коммуникациялар және көшбасшылық	ПП	ЖООК	2
	Таңдау компоненті	БП	ТК	6
	<i>Теориялық оқыту бойынша барлығы</i>			24
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>			6
	1 – СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
2	Әлеуметтік саясат	ПП	ЖООК	5
	Ақпараттық саясат және қоғаммен байланыс	ПП	ЖООК	3
	Қоғамдық келісім және бірегейлік саясаты	ПП	ЖООК	3
	Экология және су саясаты	ПП	ЖООК	3
	Стратегиялық менеджмент	ПП	ЖООК	3
	Кәсіби ағылшын тілі	БП	ЖООК	2
	Таңдау компоненті	БП	ТК	3
	<i>Өндірістік практика</i>			2
	<i>Теориялық оқыту бойынша барлығы</i>			24
	<i>МЭЗЖ</i>			6
	2 – СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
3	Экономикалық саясат	ПП	ЖООК	3
	Қаржы, ақша және баға саясаты	ПП	ЖООК	3
	Өңірлік дамуды басқару	ПП	ЖООК	4
	Цифрлық мемлекеттік басқару	ПП	ЖООК	3
	Саяси технологиялар	ПП	ЖООК	3
	<i>Теориялық оқыту бойынша барлығы</i>			16
	<i>Тағылымдама</i>			2
	<i>МЭЗЖ</i>			4
	<i>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны)</i>			8

	<i>ресімдеу және қорғау)</i>			
	3 – СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
Жалпы теориялық оқу + тәжірибе				64
Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)				8
МЭЗЖ + тағылымдама				18
ИГЕРУГЕ МІНДЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ				90